

Ақсуат ауданы әкімінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 3 "Ақсуат ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Абай облысы Ақсуат ауданының әкімінің 2026 жылғы 3 сәуірдегі № 2 шешімі

Ақсуат ауданының әкімі ШЕШТІ:

1. Ақсуат ауданы әкімінің "Ақсуат ауданы аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 3 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31551 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

№ 176 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

№ 176 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Айнабастау ауылы, атауы жоқ көше, Айнабастау фельдшерлік пункті "Абай облысы денсаулық сақтау басқармасының Ақсуат ауданының аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Айнабастау, Томар, Ақжал, ауылдарының аумағы.

№ 190 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

№ 190 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: Мүрсәлім ауылы, атауы жоқ көше, Мүрсәлім фельдшерлік пункті "Абай облысы денсаулық сақтау басқармасының Ақсуат ауданының аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Мүрсәлім, Қызбай, Мешел ауылдарының аумағы.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ақсуат ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Ескендилов

"КЕЛІСІЛДІ"

Ақсуат аудандық аумақтық
сайлау комиссиясы